

**Исатай Әбдікәрімов атындағы Қызылорда  
политтехникалық жоғары колледжі  
Ауыл шаруашылығын механикаландыру және Гидротехникалық  
мелиорация мамандықтары бойынша оқу-әдістемелік бірлестік жиналысы**

**№ 1 ХАТТАМАСЫ**

Қызылорда қаласы

11.10.2025ж

Қатысқандар: директордың оқу -әдістемелік жұмысы жөніндегі орынбасары Дұрман Бағдәлулет Дербісәліұлы, ауыл шаруашылығын механикаландыру мамандық бойынша арнайы пән оқытушылары, гидротехникалық мелиорация мамандық бойынша арнайы пән оқытушылары Сағатов Нурхан Рамазанович, Қамбарбек Жұлдызай Қамбарбекқызы, Нахатова Анар Амзеевна, Бердібек Алмасбек Әбдімұратұлы.

**Күн тәртібінде:**

- 1.2025–2026 оқу жылына арналған «Ауыл шаруашылығын механикаландыру» және «Гидротехникалық мелиорация» мамандықтары бойынша оқу-әдістемелік жұмыс жоспарын бекіту.
- 2.Әртүрлі мәселелер.

**Тыңдалды:**

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша Дұрман Бағдәлулет Дербісәліұлы оқу-әдістемелік бірлестік төрағасының орынбасары 2025–2026 оқу жылына арналған «Ауыл шаруашылығын механикаландыру» және «Гидротехникалық мелиорация» мамандықтары бойынша оқу-әдістемелік жұмыс жоспарының негізгі бағыттарымен таныстырды. Жоспарда оқу процесін жетілдіру, тәжірибелік сабақтардың сапасын арттыру және өндіріс орындарымен байланысты нығайту шаралары қарастырылған.

Оқу бағдарламалары мен жұмыс оқу жоспарларын жаңарту туралы мамандар даярлаудың жаңа мемлекеттік стандартына сәйкес пәндердің оқу бағдарламалары мен жұмыс жоспарлары қайта қаралып, кәсіби құзыреттерге басымдық берілетіні айтылды.

Өндірістік тәжірибені ұйымдастыру туралы Нахатова Анар Амзеевна өндірістік және оқу тәжірибесін өткізу базалары ретінде жергілікті ауыл шаруашылық кәсіпорындарымен келісімшарттар жасалып жатқаны айтылды. Тәжірибе барысында студенттерді нақты өндіріс жағдайларында заманауи техникамен жұмыс істеуге үйрету көзделген.


Цифрлық және инновациялық технологияларды енгізу туралы Бердібек Алмасбек Әбдімұратұлы оқу процесіне цифрлық платформаларды пайдалану, зертханалық жұмыстарды виртуалды форматқа бейімдеу және симуляциялық модельдер арқылы оқыту мүмкіндіктері оқу бағдарламаларына енгізу ұсынылды.

Студенттердің ғылыми-зерттеу және тәрбие жұмыстары туралы баяндамашы Қамбарбек Жұлдызай Қамбарбекқызы студенттердің ғылыми жобаларға қатысу белсенділігін арттыру, пәндік олимпиадалар мен конкурстар ұйымдастыру, сондай-ақ экологиялық бағыттағы волонтерлік іс-шаралар өткізу ұсынылды. Бірлестік мүшелерінің 2025 жылға арналған оқу-әдістемелік жұмыс жоспарлары таныстырылып, бекітуге ұсынылды.

### Қаулы етеді:

- 1.2025–2026 оқу жылына арналған «Ауыл шаруашылығын механикаландыру» және «Гидротехникалық мелиорация» мамандықтары бойынша оқу-әдістемелік жұмыс жоспары бекітілсін.
- 2.Студенттердің өндірістік тәжірибесін ұйымдастыру мақсатында ынтымақтастық жалғастырылсын.
- 4.Оқу процесіне цифрлық технологияларды енгізу және оқытушыларға шеберлік сабақтарын өткізу ұсынылсын.
- 5.Студенттердің ғылыми-зерттеу және пәндік олимпиадалар мен конкурстар ұйымдастыру тапсырылсын.

Хатшы:



Бердібек А.Ә